

Жиналыстарды, шерулерді, митинглерді, пикеттер мен демонстрацияларды өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі № 180 шешімі. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 тамызда № 9-3-111 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2016 жылғы 16 мамырдағы № 21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 16.05.2016 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. Қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қарсылық білдіру үшін " Громада" дүкені алдындағы алаңын (Абай даңғылы, 96) белгілеу жолымен бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арқалық қалалық мәслихатының
кезекті ІХ сессиясының төрағасы*

А. Мұқанов

*Арқалық қалалық
мәслихатының хатшысы*

Қ. Ағуанов